

АҒАШ МАТЕРИАЛЫНЫҢ ИНТЕРЬЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Садых Улжаныл

uljansadikh@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика»

кафедрасының студенті

Ғылыми жетекшісі – Садықова Ж.М

Біздің күнделікті өмірімізде ағаштың рөлі өте жоғары. Үйіміздің жиһаздары, ыдыс-аяқтарымыз, қайсы бірін алып қарасаңыз да ағаштың маңызын байқайсыз. Біз ағашты отын ретінде көбірек пайдаланамыз. Тамыздық ретінде неше алуан ағаштарды үй-жайымызға алып, аралап, балталап қысы, жазы отын қыламыз. 1-суретте көрсетілгендей ағаш отын үшін ғана емес, құрылыс материалдары ретінде де қолданылатын шикізат екенін жақсы білеміз. Ал енді отын мен құрылыстан басқа да мақсаттарда: еңбек аспаптарын және музыка аспаптарын, қару, жиһаз, өнер туындыларын, қағаз т.б. жасау үшін қолданады. Ағаш материалы өсімдіктерінің діңінен немесе жаңқасынан, кейде талшықтарынан алынады.



1-сурет. Шикізат

Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан ерте заманнан бері ағаштан түрлі музыкалық аспаптар жасап, түрлі үйдің кесте-кермелерін жасау үшін де ағашты пайдаланып келді. Тіпті ыдыс-аяқ, ат-әбзелдері барлығы да ағаштан жасалды. Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы-«домбыра». Ерте заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан домбырамыз басынан аяғына дейін ағаштан жасалатынын біз жақсы білеміз. Домбыраның шанағы, мойыны, тиегі бәрі-бәрі ағаштан. Ал ішегін қылдан салды. Жаугершілік заманда ағаштан садақ, жебе, шокпар, найза т.б. қару-жарақ жасап келді. Олар жеңіл әрі ыңғайлы болды.

Енді көшпелі қазақ халқына тән киіз үйге толықтай шолу жасалық. Киіз үй қаңқасын немесе киіз үй сүйегін атадан балаға мирас болып келе жатқан шеберлік кәсіпті меңгерген, өнер қонған шаңырақтар дайындайды. Киіз үй сүйегі арнайы дайындалған ағаш сырықтар мен бұтақтардан дайындалады. Олар желге, жабылатын киіз салмағына, әсіресе кенеттен пайда болатын дала құйынына шыдамды етіп жасалынуы қажет. Киіз үй формасының дөңгелек түрде алынуы, барлық бөлшектерінің бір-бірімен айналмалы, қозғалмалы (шарнирлі) етіп жалғастырылуы киіз үйді жел екпініне, жер сілкінісіне төзімді етеді. Киіз үйдің негізгі ағаштан жасалатын бөлшектері: Шаңырақ, уық, кереге, есік, бағана.

Шаңырақ ең маңызды бөлігі. Ол түрлі ағаштардан иіліп жасалады. Және оған неше түрлі көздер салынады. Ол көздерге арнайы уықтардың ұшы ұшталып, келтіріледі. Ал уықтардың қарны иіліп, арты керегенің басына байланады. Кереге ұзын ағаштардан иіліп жасалып, иі қанған қайыспен бекінеді. Және ол бүктелмелі жиналмалы болады. Кереге бір-біріне байлана келіп шеңберше болып келеді. Күншығысқа қараған жағынан есік салынады. Міне киіз үйдің толықтай қаңқасы ағаштан жасалатынына көзіміз жетті. Көшпелі қазақ халқы үшін артып-тартуға, көшіп-

конуға ең жеңіл, ыңғайлы баспана болды.

Тал, терек, қарағай, самырсын тағы басқа ағаштардан неше түрлі үй жиһаздарын жасайды. Өсіп тұрған ағаштарды кесіп әкеліп, арнайы зовоттан әрлеп, пішіндеп сосын арнайы шеберлердің қолына келеді. Олар қазіргі үйімізде тұрған неше түрлі жиһаздарды жасайды. Мысалыға: Орындық, стол, шкаф, еден, төсек, терезе жақтаулары т.б.

Паркет - табиғи материалдардан жасалған ағаш еден. Оның көптеген түрлері бар: классикалық бөліктен ламинатқа дейін және көркем паркет. Ол кез-келген ағаштан жасалған. 2-суретте көрсетілгендей паркет едендер қайыңнан, қарағайдан және еменнен жасалады. Паркет жасау үш кезеңнен тұрады - паркет жасалатын ағашты таңдау, ағашты өңдеу және паркет тақтасын өңдеу. Паркет үшін ең көп таралған ағаш түрлері - емен.



2-сурет. Паркет



3-сурет. Ағаш үй

Ағаштан жасалған жиһаздың әрқайсысы пішінде де, стильде де әртүрлі және ерекше болып шығады. Солардың бірі шкаф. 4-суреттерде көрсетілгендей алуан түрлі стильдерімен бөлмеге айырықша шырай беретін де сол. Әр отбасында ас үйде, балалар бөлмесінде, жатын бөлме, қонақ бөлме дейсізбе қайсысын алып қарасаңыз да шкаф болады. Демек шкафтың үйдегі маңызы өте жоғары екен. Адамдар әдетте үйдің квадратының үлкен-кішілігіне қарай түрлі шкафтар әкеліп жатады. Шкафтар ағаштан жасалады. Қатты ағаштан жасалған шкафтар әрқашан сұранысқа ие болады. Тағы бір артықшылығы олар әрқашан берік әрі сапалы болып келеді. Ағаш шкафтың кез-келген нұсқасы берік және сәндә болуы керек. Сол үшін де көзге бірден түсе білуі керек.





4-сурет. Ағаштан жасалған жиһаз

Есік үйде ең маңызы зор жиһаз. Есіктер бұрындары ағаштан ғана жасалып келген болса қазіргі уақытта есіктер темірден, пластастан, әйнектен де жасалатын болды. Әрине, киіз үйдің есіктері әрқашанда ағаштан жасалуы керек. Себебі көшуге жеңіл әрі ыңғайлы. Ал есіктік берік болуы тікелей материалдың сапалы болғандығында. Есік кез-келген ағаш материалдарынан жасала бермейд. Қарағай, самырсын, емен сияқты ағаштардан жасалып әшекейленеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Степанов Б.А. Ұста мен ағаш ұстасының анықтамалығы: оқу құралы. басына арналған нұсқаулық. проф. білім. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2010.-304с.
2. Анықтама Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері: оқу құралы. басына арналған нұсқаулық. проф. білім. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2010.-304с.
3. Г.И. Ключев Ағаш ұстасы (негізгі деңгей): оқулық. жәрдемақы. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2007.-80-ші жылдар.

ӨОК712.41.3

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІҢ АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ӘМБЕБАП ОРТАНЫ ЖОБАЛАУ

Саринжапова Меруерт Ерлановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан
Ғылыми жетекшісі – Садыкова Ж.М. Байжанова Ж.Б.

Қазіргі заманғы дизайн білім берудегі маңызды міндеттердің бірі-шығармашылық қызметке қабілетті, өзінің кәсіби бағыты аясында белгілі бір әмбебаптығы бар тұлғаны қалыптастыру. Бұл бағыттың өзектілігі дизайн саласындағы әр түрлі салалардағы күрделі мәселелерді шешуге құзыретті дизайн маманының қоғамдағы қажеттілігімен анықталады.

Халықтың үштен бір бөлігін өзіне-өзі қызмет көрсету және қозғалу кезінде қиындық көретін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар құрайды: мүгедектерден басқа, оларға уақытша денсаулығы бұзылған балалар арбалары бар адамдар, ересек жастағы адамдар, жүкті әйелдер және т.б. кез келген адам өз өмірінің әртүрлі кезеңдерінде осы топта болуы мүмкін. Осыған байланысты мемлекет пен қоғам әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге жағдай жасайтын, адам өмірінің қолайлы ортасын құра отырып, осы мәселеге назар аударуы керек. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта - бұл тәуелсіз және толыққанды өмір салтын жүргізу мүмкіндігі болып саналады.

Қазіргі қаланың әлеуметтік кеңістігі физикалық және символдық кедергілерге толы. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қалалық инфрақұрылымның, ақпараттың, әлеуметтік қызметтердің, білім беру мен жұмыспен қамтудың қол жетімділігі проблемалары әлеуметтік теңсіздіктің көбею факторына және тәуелсіз өмірге кедергі болады [1].

Жобаланатын ортадағы қолжетімділік жобалау объектісінің топологиясы және қала